



Әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық
университеті

QAZAQ

UNIVERSITETI

Апталық
1948 жылдың
20 сәуірінен шыға
бастады

№15 (1841)
21 мамыр
2022 жыл

www.kaznu.kz

facebook.com/KazakhNationalUniversity

vk.com/kazuniversity

instagram.com/KAZNU_FARABI

Саясаттанушылардың кезекті конгресі өтті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» тақырыбында Қазақстан саясаттанушыларының X конгресі өтті.



Жиынға ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин, ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, мемлекеттік органдардың өкілдері, депутаттар, ғалымдар, сарапшылар мен еліміздің жоғары оқу орындарының оқытушылары қатысты.

Шараны ҚР Мемлекеттік хатшысы Ерлан Қарин құттықтау сөзбен ашып, конгресс жұмысына сәттілік тіледі.

«Бүгінгі шараға Қазақстанның әр өңірінен саясаттанушылар жиналды. Конгресте көтерілетін бастамалар өте өзекті. Бүгінде жаңа Қазақстан жаңа бағытта қадам басуда. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаңа Қазақстанның қандай болатынын анықтап берген болатын. Осы тұрғыда 5 маусым күні өтетін референдум қазақ қоғамы үшін оң өзгерістердің басы болмақ. Конституциямызға заман талабына сай өзгерістер енгізіледі. Халық саяси өзгерістерге үн қосып, өз тандауын жасайтын болады», – деді Мемлекеттік хатшы.

Жансейіт Түймебаев алдағы референдум жаңа Қазақстан тарихындағы үлкен саяси оқиға екенін атап өтті. «Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қаулысымен 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өтеді деп белгіленді. Еліміздің болашағы үшін дұрыс тандау жасау – әр азаматтың міндеті.

«Саясаттанушылар ішкі және сыртқы оқиғаларды бақылай отырып, тиімді саяси шешімдер қабылдау үшін өз ұсыныстарын білдіреді. Қазіргі таңда саясаттанушылардың алдында жаңа міндеттер тұр. Бүгінгі кездесу жаңа бастамаларды қалыптастыруға, тың идеяларға қол жеткізуге мүмкіндік береді», – деді университет ректоры.

Жансейіт Түймебаев алдағы референдум жаңа Қазақстан тарихындағы үлкен саяси оқиға екенін атап өтті.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың қаулысымен 2022 жылғы 5 маусымда республикалық референдум өтеді деп белгіленді. Еліміздің болашағы үшін дұрыс тандау жасау – әр азаматтың міндеті.

Жалғасы 2-бетте

Биыл ҚазҰУ қалашығының іргетасы қаланып, құрылысы басталғанына 50 жыл толды. Осы айтулы датаға орай, ардагер құрылысшылар мен түлектер университетте бас қосты.

ҚазҰУ қалашығына – 50 жыл



Мерейлі іс-шараға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев қатысып, ҚазҰУ қалашығын салуда ардагер құрылысшылардың үлесі зор екенін атап өтті.

«Біз тұрған ҚазҰУ қалашығы Өмірбек Арысланұлы Жолдасбековтің өз қолымен іргетасы қаланған, әлемдік деңгейдегі ірі жоғары оқу орны. Ол 1970-1986 жылдары университетімізді басқарып, жаңа деңгейге көтерді. Оқу залдары қажетті жадықтармен қамтамасыз етіліп, жаңа жатақханалар салынды. Сонымен қатар оқу ғимараттары бой көтерді. Осы алып құрылыста әрқайсыларыңыздың айқын қолтаңбаларыңыз бар. Бүгінде білім ордасында айтарлықтай жұмыстар өз жалғасын тауып келеді. Қазіргі таңда ҚазҰУ әлемдік рейтингтерде көшбасшы оқу орындары қатарында. Университет қалашығы жаңа заман талабына сай түрленуде», – деді Жансейіт Түймебаев.

Айта кетейік, ҚазҰУ қалашығындағы алғашқы құрылыс нысаны болып 1972 жылы 19 сәуір күні биология факультетінің ғимараты салынған болатын. ҚазҰУ қалашығын салуда Д.Қонаев, А.Закарин, Ө.Жолдасбеков пен кәсіби құрылысшылар атсалысты.

Салтанатты жиын барысында ардагер құрылысшылар сөз сөйлеп, естеліктерімен бөлісті. Сондай-ақ ардагер құрылысшылардың бастамасымен жарық көрген «ҚазМУ қалашығына – 50 жыл» кітабының тұсаукесер рәсімі өтті. Қалашықты салуда еңбек еткен ардагер құрылысшыларды университет басшысы «Ерен еңбегі үшін» медалімен және «Құрмет» грамотасымен марапаттады.

Света ӨМІРФАЛИЕВА

Анкара әкімі көшбасшылық дәріс оқыды

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Анкара қаласының губернаторы Васип Шахин Қазақстан – Түркия дипломатиялық қарым-қатынасының 30 жылдығына арналған көшбасшылық дәріс оқыды.

университеті өкілеттік кеңесінің төрағасы Мұхитдин Шимшек, Түркия Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Әли Рыза және университеттің оқытушы-профессорлар құрамы мен білім алушы жастар қатысты.

Көшбасшылық дәрісті университет басшысы Жансейіт Түймебаев құттықтау сөзбен ашып, Васип Шахиннің табысты еңбек жолына тоқталды.

«Васип Шахин Түркияның Байбұрт қаласында туған. 1985 жылы Ыстамбұл университетінің заң факультетін бітірген. 1987 жылы Ұлыбританияда оқуын жалғастырып, тағылым-дамадан өтті. Ол білікті заңгер, тәжірибелі саясаткер. Васип Шахин бірнеше аймақты басқарып, Түркия ішкі істер министрлігінде жауапты қызмет атқарды. Бұған дейін Малатия, Ыстамбұл қалаларының әкімі болды. 2014 жылдан бері Түркия астанасы – Анкара қаласының әкімі қызметінде», – деді ректор.

Кездесу барысында Васип Шахин мырза бауырлас екі елдің жемісті ынтымақтастығы мен дипломатиялық қарым-қатынасының жоғары деңгейде екенін атап өтті.

Кездесу барысында Васип Шахин мырза бауырлас екі елдің жемісті ынтымақтастығы мен дипломатиялық қарым-қатынасының жоғары деңгейде екенін атап өтті.

Жалғасы 2-бетте



Жиынға Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаев, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік



Ауыл шаруашылығына арналған биокатализатор

4 >>



Виталий ХУТОРЯНСКИЙ: Қара шаңырақ – ҚазҰУ-дан нәр алдым

5 >>



Шолпан ЗАБИХ: В разных уголках вспыхивали антисоветские восстания

6 >>

Анкара әкімі көшбасшылық дәріс оқыды



Соңы. Басы 1-бетте

«Қазақстан тәуелсіздігін алғаш мойындаған – Түркия мемлекеті. Екі елдің діні ортақ, тілі ұқсас. Бауырлас мемлекеттердің дипломатиялық қарым-қатынасы бүгінде жаңа сапалық деңгейге көтерілді. Жуырда Түркияға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен келген еді. Осы сапар аясында екіжақты ынтымақтастықты одан әрі арттыру мақсатында бірқатар маңызды келісімдерге қол қойылды. Бұл өз кезегінде Қазақстан мен Түркия арасындағы байланысты жандандыруға ықпал етеді», – деді Васип Шахин.

Сондай-ақ өз сөзінде лектор екі ел арасындағы білім саласы бойынша көптеген жобалар жүзеге асып жатқанын атап өтті. Ол «Turkiye Burslari» оқу бағдарламасы арқылы Қазақстанның 6000-нан астам студенті Түркияда білім алып жатқанын жеткізді.

Кейін кездесу сұрақ-жауап форматында жалғасты. Студенттер құрметті мейманға өздерін қызықтырған сауалдарын қойып, тұшымды жауап алды.

Дәріс соңында Жансейіт Түймебаев Анкара қаласының әкімі Васип Шахинді «Әл-Фараби» Алтын медалімен марапаттады.

Назерке АСХАТҚЫЗЫ

Саясаттанушылардың кезекті конгресі өтті

Соңы. Басы 1-бетте

Бұл ретте халықтың саяси сауатын арттыруда саясаттанушылардың рөлі жоғары болуы тиіс. Тәуелсіздік жылдарында еліміз саяси тұрақтылықты нығайтудың қиын жолынан өтті. Бүгінде Қазақстанда саяси жүйені демократияландыру процесі жүзеге асып келеді. Уақыт талабына сай әлеуметтік-экономикалық реформалар қолға алынууда. Басты өзгерістердің бірі халықтың елді басқаруға қатысуын кеңейту болмақ», – деді білім ордасының басшысы Жансейіт Түймебаев.

Сондай-ақ конгрестің пленарлық отырысында ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ директоры Еркін Тұқымов, ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институтының бас директоры Серік Сейдуманов, Азиялық зерттеулер институтының директоры Сұлтан Әкімбеков және «Саяси зерттеулер қауымдастығы» РҚБ президенті Есенжол Алияров сөз сөйлеп, өз ойларын ортаға салды.



Х саясаттанушылар конгресі «Екінші республика: саяси реформалардың тұжырымдамалық негіздері», «Қазақстанның партиялық жүйесінің дамуы», «Қазақстандықтардың идентификация үлгілерінің трансформациясы», «Саясаттану жоғары мектебі: жағдайы мен проблемалары», «Қазақстан-

дағы саяси ғылымның даму келешегі» тақырыбында панельдік сессиялармен жалғасты.

Жиын қорытындысы бойынша ұсыныс-пікірлер тиісті мемлекеттік органдарға жіберіліп, баяндамалар жинағы шығарылатын болады.

Нұрсұлтан ЖЕКСЕНБАЕВ



Ұлыбританиямен ынтымақтастық артады

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Ұлыбританияның Қазақстандағы елшілігінің Сауда департаментінің өкілдерімен кездесу өтті.

Британ университеттері мен ҚазҰУ арасындағы ынтымақтастықты дамыту, бірлескен іс-шараларға қатысу, сондай-ақ тәжірибе алмасу және академиялық ұтқырлықты дамыту мүмкіндіктері талқыланды.

Тараптар әріптестікті дамытудағы алдағы қадамдар үшін басым мамандықтар мен ғылыми салалардың картасын өзіндік келісті. Келіссөздер барысында академиялық мәселелер жөніндегі проректор Фатима Жақыпова ҚазҰУ-дың шетелдік жоғары оқу орындарымен ғы-



лыми-білім беру саласындағы тәжірибесі туралы баяндап берді.

Бүгінгі күні жетекші жоғары оқу орындарымен, институттармен ынтымақтастық туралы 400-ден астам халықаралық келісімге қол қойылған. Осы келі-

лісімдер аясында түрлі оқу-білім беру бағдарламалары мен ғылыми-инновациялық жобалар Ұлыбританияның жоғары оқу орындарымен де табысты жүзеге асырылуда.

Гүлжан МЕДЕТ

Әл-Фараби кітапханасы қайта жаңғыртылды




ҚазҰУ-дың Әл-Фараби атындағы ғылыми кітапханасына жөндеу жұмыстары жүргізіліп, ғимараттағы жиһаздар жаңартылды.

Университеттің негізгі маңызды іс-шаралары Әл-Фараби ғылыми кітапханасында өтеді.

Кітапхананың мәжіліс залдарындағы жылыту радиаторларына ағаш жабындары орнатылып, жалпы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жиһаздар жаңартылып, қосымша жарықтандыру жүйесі орнатылды. Екінші қабаттағы классикалық оқу залында және үшінші қабаттағы Абай залында 800 орындықтың қаптамалары ауыстырылды.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғылыми кітапханасы 1934 жылы универ-



ситетпен бір уақытта құрылды. 2012 жылы кітапхана шығыс стилінің элементтерімен үйлесімді жаңа технологиялармен және коммуникациялық шешімдермен жабдықталған, жалпы ауданы 17 856,6 шаршы метр заманауи жаңа ғимаратқа көшті. Бүгінде бірыңғай ақпараттық кітапхана қоры қазақ, орыс, ағылшын және басқа да тілдерде 2 миллионнан астам дананы құрайды.

Света ӨМІРФАЛИЕВА

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің құрметті ұжымы және қадірлі ректор Жансейіт мырза! Сіздерге ең алдымен Түркия президенті Реджеп Тайып Ердоғанның сәлемін жеткізуді жөн көріп отырмын. Жуырда Түркияға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев ресми сапармен келген еді. Сонда Қазақстан Президентімен танысу бақыты бұйырды. Сол кезде Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма Төрағасы – Ректоры Жансейіт Түймебаевпен де кездесіп, екі ел арасындағы әртүрлі мәселелерді қозғаған болатынбыз. Міне, сондай ықыласты кездесуден кейін осынау Алматы шаһарындағы ең беделді оқу ордасына келу нәсіп болып отыр.

Васип ШАХИН, Анкара қаласының әкімі

Биік белестерді бағындырдық

«Қазақстан – Түркия дипломатиялық қарым-қатынастарына – 30 жыл» байланысының қалыптасуы мен дамуына арналған конференцияны ұйымдастырған Жансейіт Түймебаев мырза, Түркия Республикасының Алматыдағы бас консулы Али Рыза Акынжы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті өкілеттік кеңесінің төрағасы, Мармара университетінің профессоры Мухитдин Шимшек мырзаларға алғысымды білдіремін. Бұл іс-шара талай игі істің бастауы боларына сенім арттамын.

Баршаға мәлім болғандай, қазақ бауырларымызбен тіліміз, діліміз және дініміз бір һәм тарихи тамырымыз да ортақ. Тарихи деректерге сүйенсек, XVII ғасырда Осман империясы мен Қазақ хандығы арасында саяси-экономикалық байланыстар негізінде құжаттар қалыптасқан.

Екі ел арасындағы 30 жылдық дипломатиялық байланыс кезінде өте маңызды шешімдер қабылданып, биік белестерден өткенімізді көреміз. Әсіресе саяси байланыстардың құқықтық негіздері бауырластық принциптерге негізделіп, бүгінде өзіндік дамуын жалғастыруда. Қазақстан тәуелсіздігін алғаш мойындаған – Түркия мемлекеті. Түркияның саяси қайраткері, президент Тұрғыт Өзал 1992 жылдың 14 наурызында Қазақстанға ресми сапар жасады. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы мұндай саяси қадамның екі ел арасындағы бауырластықтың тамырын тереңдеті түсетіні айқын. Сол кезеңде жүзеге асқан дипломатиялық тарихи қадамның бірі – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев Түркияға ресми сапармен келу арқылы алғашқы халықаралық кеңесті Түркияда жүзеге асырды. Жоғары деңгейде жүзеге асырылған осы ресми сапарда екі ел арасында бірқатар дипломатиялық құжаттарға қол қойылды.

1990 жылдардан бастап Түркия қоғамдық және байланыс саласында келіссөздер жүргізу арқылы екі ел арасындағы байланысты дамытуға бет бұрды. Осы бастама жалғасын тауып, тиісті мекемелер өкілдіктерінің

қолдауымен Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «Тика» агенттігі және Жүніс Әміре институты бой көтерді. Осы іспетті маңызды істердің түгелге жуығын тілге тиек ету көп уақытты қажет ететіндіктен, бірнешеуін ғана атап өтуді күп көреміз. Соның бірі – бүгінгі сіз бен біздің бас қосуымызға себепші болған – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. 1991 жылы құрылған аталмыш оқу ордасы терең тарихтан қуатты болашаққа қарай қадам басқан Қазақстан мен Түркия арасындағы байланыстың негізі бола білді. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің түлектері мемлекеттеріңіздің түрлі бағыт-бағдарында

ТҮРКИЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНВЕСТИЦИЯСЫ 30 МИЛЛИАРД ДОЛЛАРДАН АСЫП ЖЫҒЫЛАДЫ.

ласында бой көтерген координациялық «Тика» агенттігі екі ел арасында өз қызметін 27 жылдан бері атқарып келе жатыр. Әрине, «Тика» агенттігі 70 миллион долларлық қаражат шеңберінде 500-ден астам жобаны қолдау арқылы мемлекеттің дамуына және адами ресурстардың өсуіне өзіндік септігін тигізуде.

Осы жобалардың ішіндегі «Тика» агенттігінің Қожа-Ахмет Ясауи кесенесіне жасаған реставрациялық жұмыстарын атап өтуге болады. Әрине, біз бұны өзіміздің басты борышымыз деп білеміз. Жиырма жылдан бері ел игілігіне қызмет етіп келе жатқан Жүніс Әміре институты да Қазақстанда түрік тілінің оқытылуына, студенттерді дайындауда өзіндік әйбегі бар. Экономикалық, сауда-саттық жағынан алып қарасақ та, екі ел арасында біршама келісімшарттар қамтылған. Нарықтық байланыстар да күн өткен сайын дамып келеді.

Қазақстанда Түркияның көптеген фирмалары қызмет атқаруда. Түркия фирмалары өз инвестициясын жаңа жобаларға қуяды жалғастырады деп ойлаймын. Бұл сауда-саттық 2021 жылдан бастап тағы да 5 млрд долларға артты. Екі ел арасындағы саяси-экономикалық және мәдени, білім, ғылым саласындағы байланыстар өзара ынтымақтастығын одан әрі дамытып келе жатқаны шүбәсіз. Әсіресе екі ел арасындағы іс-тәжірибе дипломатиялық, білім беру, қоғамдық байланыс бойынша тығыз байланыстар қарқынды даму үстінде.

Осы кезеңде ғалымдар, ақын-жазушылар, өнер-мәдениет саласындағы қайраткерлер, журналистер, кәсіпкерлер екіжақты байланыстарды одан әрі нығайта түсуде: Түркия – Қазақстанның бизнес бірлігі, Түркі әлемінің жастар құрылтайы, Түркі халықтарының университеттер бірлігі,



Түркі әлемінің медиафорумы секілді құрылымдар екі елдің ынтымақтастығын көрсетуде. Түркия мен Қазақстанның халықаралық және аймақтық байланыстары көптеген салаларды қамтуда. Мысалға, БҰҰ, Ислам ынтымақтастық ұйымы, Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымы, Азиядағы ынтымақтастық және сенім шаралары жөніндегі кеңесі, Экономикалық ынтымақтастық ұйымы мен Дүниежүзілік сауда ұйымы да екі ел арасындағы байланыстардың дамуына ықпалын тигізіп жатыр. Сонымен қатар Түркия мен Қазақстанның жетекші ұйымдарының қатарына кіретін Түркі мемлекеттер ұйымы, ТҮРКСОЙ және Халықаралық түркі академиясы бар.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылдың 10 мамырында Түркияға алғашқы ресми сапары барысында бұл ынтымақтастық кеңейтілген стратегиялық әріптестік деңгейіне көтерілді. Екі елдің басшылары саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық салалардағы ортақ мәселелерді талқылап, бірқатар маңызды келісімдерге қол қойылды. Бұл өз кезегінде Қазақстан мен Түркия арасындағы байланысты жандандыруға ықпал етпек. Сапар аясындағы іс-шаралар дүниежүзілік баспасөз бен екі елдің бұқаралық ақпарат құралдарының басты назарында болды, сондай-ақ Қазақстан үшін де көптеген аспектілер бағытында маңызды рөл атқарады. Еуразияның жүрегі болған Қазақстанның жаңадан қалыптасқан жаһандық бәсекелестіктегі орны мен Ресей – Украина соғысынан туындаған саяси және экономикалық әсер Қазақстан мен Түркия үшін ауқымды салдар болуы мүмкін. Бұндай жаһандық және аймақтық оқиғалар екі ел үшін, бір жағынан, жаңа мүмкіндіктер ұсынса, екінші жағынан, тәуекелділікті қажет етеді. Дегенмен тарихи жағдайлар мен қазіргі геостратегиялық орналасу Қазақстан мен Түркияға Еуразиялық геосаясатпен аймақтық тұрақтылықта белгілі бір жауапкершіліктерді жүктейді. Түркияның осы шеңберде Сирия дағдарысын шешу үшін басталған үдерісін және Түркияның Украина мен Ресей соғысын тоқтатуға

деген бастамасын айта аламыз. Қорыта айтқанда, негізгі сыртқы саясат ұстанымдары мен сыртқы саясат басымдықтарының ұқсастықтары Түркия мен Қазақстанның аймақтық және жаһандық мәселелерге айтарлықтай үлес қосатыны даусыз.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Анкараға екі күндік сапары – екі ел қарым-қатынасының жаңа дәуірі. Қабылданған, кеңейтілген стратегиялық әріптестік туралы мәлімдемелер қатар, білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісім, әскери барлау – шамамен 15 құжатқа қол қойылды. Осы сапар барысында 1 миллиард доллардан астам инвестиция қуя жөніндегі құжатқа қол қойылды. Сапар барысында аймақтық және екі-жақты қарым-қатынастар тұрғысынан маңызды «ТрансКаспий» орталығын дамыту мәселесі күн тәртібінде. Түркиядан бастау алып, Кавказ аймағына жетіп, одан әрі Каспий теңізін кесіп өтіп, Түрікменстан, Қазақстаннан кейін Орталық Азия және Қытайға дейін жеткен бұл дәліз екі ел үшін маңызды жобалардың бірі болмақ. Ресейдің Украинаға ашқан соғысының нәтижесінде бұл істің жандануы күн тәртібінде тұр. Әсіресе Түрікменстан, Қазақстан және Әзірбайжан аймақтарында логистикалық орталықтар мен еркін сауда аймақтарының құрылуы ынтымақтастықты ары қарай күшейтеді деп ойлаймын. Бұл бағытта нақты қадамдар жасалады деп ойлаймыз. Қазақстан – Түркия дипломатиялық қарым-қатынастарындағы 30 жылдық әлі де үлкен жетістіктерге жол ашатынына сенеміз.

Қорыта айтқанда, Қазақстан – Түркия арасындағы қарым-қатынасты әр салада одан әрі дамыту үшін қажетті мүмкіндіктердің бар екені және бұл әлеуеттің тиісті тараптан болатынына сенімдімін. Бұл үдерісте Анкара губернаторы ретінде маған да үлкен жүк түсіп отыр. Сондықтан бұны ары қарай дамыту жолында еңбек етемін.

Жазып алған
Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ

Әлем ғалымдары не малға жем болмайтын, не отын қылуға жармайтын мәдени өсімдіктердің қалдықтарын көдеге жаратудың жаңаша жолдарын қарастыруда. Биотехнология кафедрасының жетекшісі, биология ғылымының кандидаты, доцент Аида Қыстаубаева заманауи биотехнологиялық әдістерді пайдалана отырып, осындай жобаны сәтті жүзеге асырып келеді.

қасиеттер генетикалық тұрғыдан бекітілгенін көрсетеді. Біз E.coli бактериясына термофильді бактериялардың ДНҚ молекула гендерін енгізуге болатынын және ақуыз өндірісінде оның өсу жылдамдығы мен ақуыздарды экспрессиялау қабілеттері жоғары деңгейді көрсететінін білдік.

арттырады. Ресейлік ферментті препараттармен салыстырар болсақ, «Зимаджунт НТ-340 С+N» препаратының қанттану дәрежесі – 21 пайыз, «Амилаза НТ-4000» препаратының қанттану дәрежесі – 20-28 пайыз. Ферменттер өндірісінің әлемдік көшбасшысы – өндіріске ферменттік

Сонымен қатар Биотехнология кафедрасының ғалымдары алдағы уақытта тәжірибеге енгізілген ферментті препараттың дозасын едәуір төмендететін препарат алуды жоспарлап отыр. Оның коммерциялық аналогтарымен салыстырғанда жемшөптің крахмал емес полисахаридтеріне

Қазіргі таңда өнеркәсіптің және ауыл шаруашылығының жаңартылатын өсімдік целлюлозалық-байланыстырушы материалдарын қайта өңдеу қарқынды дамуда.

– Мәселен, құрамында 30 пайыз целлюлоза бар дәнді дақылдардың сабақтарының пайдасы аз, шірік немесе жанбайды. Оны целлюлозалық-байланыстырушы материалдар қатарына жатқызуға болады. Тіпті қант өндірісі үшін шикізат ретінде жарамды болуы мүмкін. Сондай-ақ мақта өсіретін ауыл шаруашылығы саласы дамыған аймақтарда пайдаланылмаған қалдықтарға мақта сабағы, мақта қауыздары, мақта тұқымдары, мақта дақылдарының қысқа қалдықтары, циклон шыбықтары жатады. Олардың құрамында 60-80 пайыз целлюлоза кездеседі. Жүгері де сол секілді – оның қалдықтарында 45 пайыз целлюлоза бар. Үн диірмендерінде де осы секілді дән қауызы жиналады және т.б. – дейді ғалым.

Целлюлозалық-байланыстырушы материалдарды әртүрлі пайдалы өнімдерге шикізат ретінде қолдану жаңартылмайтын ресурстарды өңдеумен салыстырғанда бірнеше артықшылыққа ие: шикізатты үнемдеу; екінші реттік қалдықтарды қайта өңдеу мәселелерін шешу; ұыттылығы мен өндірістің энергия сыйымдылығы төмен және кең қолданылады.

Бұл көлік шығындарының төмендеуіне де себеп болмақ. Сонымен қатар целлюлозасы бар қайта өңделген мұндай материалдар ауылшаруашылық жануарлары мен құс етінің тағамдық құндылығын арттыра алады. Демек, жоба өндірістік мекемелерде ғана емес, мал және құс шаруашылығын қарқынды дамыту барысында да үлкен маңызға ие. Өйткені мал азығындағы ақуыз жетіспеушілігі шығындардың артуына және мал шаруашылығы өнімдерінің қымбаттауына апарып соқтырады. Жоба жетекшісі Аида Қыстаубаеваның айтуынша, нәтижесінде мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігіне де қауіп төнуі мүмкін. Сондықтан мал азығы өндірісінде микроб ферменттерін қолдану дәстүрлі жемнің сапасы мен сіңімділігін жақсартады.

– Микроорганизм ферменттерінің көмегімен целлюлозасы бар қалдықтардың гидролизі глюкозаны және басқа қанттарды алуға мүмкіндік береді. Оны кейіннен алкогольге, органикалық және амин қышқылдарына, сондай-ақ басқа да пайдалы өнімдерге айналдыруға болады. Аэробты және анаэробты мезофильді бактериялар осындай ферменттерді шығаратын негізгі микроорганизмдер болып табылады. Алайда мезофильді бактериялар бөлетін ферменттердің біраз кемшіліктері бар. Осы тұста белсенді зерттелген термофильді микроорганизмдер – экстремофильдер тобы бізге қажетті ферменттердің балама өндірушілері

Ауыл шаруашылығына арналған биокатализатор



болуы мүмкін. Ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіптік биотехнологияда қолданылатын мезофильді ферменттерге қарағанда экстремофильдер бөлетін ферменттер мен термазимдер біршама артықшылыққа ие. Соның ең бастыларына тоқтала кетсек, олар үлкен спецификалық белсенділікпен жұмыс істей алады, жоғары температурада тұрақты және сақтау мерзімі ұзақ болады.

Америкалық ғалым Б.Йеллоустон ұлттық саябақтың ыстық бұлақтарын зерттей отырып, температурасы 100°C-тан жоғары бұлақтарда бактериялардың көбейетінін анықтаған. Бастапқыда зерттелген термиялық орталар негізінен жерүсті болғандықтан, ондағы судың қайнау температурасы шамамен 100°C болатын.

Осындай термобұлақ көзі Алматы облысында, Жаркент қаласында да бар. Мұндағы судың температурасы 102°C-қа жетеді. Аида Серікқызының айтуынша, бұл жерде термофильді бактериялардың көптеген топтарын кездестіруге болады.

– Осындай жылу көзін табу бізді осы жобаны бастауға итермелейді. Осылайша целлюлозасы бар материалдарды өңдеу үшін термотұрақтылыққа ие термофильді реципиент дақылынан реципиент мезофильді бактерия жасушасына трансформацияланушы вектор құрастыруға бел будық. Мезофильді микроорганизмдерде өндірілген термозимдер көп жағдайда жылу тұрақтылығы мен кинетикалық сипаттамаларын сақтайды. Бұл жылу тұрақтылығын тудыратын

Бұл технология жемшөптің тағамдық құндылығын жоғарылату үшін целлюлоза бар шикізатты микробтық ферментпен байытады. Мұндай жағдайда жануарлар мен құстардың тамағы қарапайым оңай сіңетін қант пен биологиялық белсенді заттармен байытылған қоректік зат ретінде пайдаланылады. Мұндай биокатализаторларды Қазақстан өнеркәсібінде қолдану өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, экономика мен қоршаған ортаға жағымды әсер етуі мүмкін.

ЖОБАНЫҢ БАСТЫ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ:

- шикізатты үнемдеу;
- екінші реттік қалдықтарды қайта өңдеу мәселелерін шешу;
- ұыттылығы мен өндірістің энергия сыйымдылығы төмен;
- кең қолданылады.

Сондықтан осы ғылыми жобаны жүзеге асыруға шешім қабылдадық. Алынған өнім негізінде целлюлоза бар материалдарды өңдеуге арналған құрғақ ферменттік препарат шығарылады, – дейді ғалым.

Құрамында әртүрлі типтегі целлюлоза бар материалдарды гидролиздеу кезінде жаңа ферментті препаратты қолдану қанттану дәрежесін 40 пайызға

препараттарды шығаратын «Новозимдер» компаниясы. Бұл ферменттер қолданыстағы аналогтармен салыстырғанда қымбат. Мысалы, Novamyl 10000 BG сауда маркасымен мальтогендік амилаза 31-35 пайыз қант ашытуының өнімділігін қамтамасыз етеді. Бұл ҚазҰУ ғалымдары жасаған өнімнің қаншалықты тиімді екенін тағы бір дәлелдеп отыр.

әсер ету тиімділігі жоғары болмақ.

Ғалымдардың ғылыми ізденістерінің нәтижесінде алынған жаңа рекомбинантты дақыл мен ферментті дайындау технологиясы патентпен қорғалмақ. Қазіргі таңда жоба жаңалығына деген экономикалық және өнеркәсіптік қызығушылық пен әлеуметтік сұраныс бар. Өйткені өсімдік қалдықтарының құрамында целлюлоза бар материалдарды қарапайым қантпен байытылған жемшөп өнімдеріне қайта өңдеу саласындағы технологиялық мүмкіндіктерді кеңейту қажеттілігі байқалады.

– Жаңа ферментті қанттанытын гидролазды қолдану өсімдік материалдарын осындай биоконверсиялау үшін ең ұтымды әдіс болмақ. Мұндай әзірлемелер өндірісті құруға және сапалы өнім өндіруге негіз бола алады. Бұл технология жемшөптің тағамдық құндылығын жоғарылату үшін целлюлоза бар шикізатты микробтық ферментпен байытады. Мұндай жағдайда жануарлар мен құстардың тамағы қарапайым оңай сіңетін қант пен биологиялық белсенді заттармен байытылған қоректік зат ретінде пайдаланылады. Мұндай биокатализаторларды отандық өнеркәсіпте қолдану өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, экономика мен қоршаған ортаға жағымды әсер етуі мүмкін. Алынған ферментті препаратты ауыл шаруашылығында қолдануға болады. Бұл жемшөптің тағамдық қасиеттерін жақсарту арқылы ауылшаруашылық жануарларының өнімділігін арттырады. Қазақстанда мұндай препараттың баламасы жоқ. Еліміздегі жетекші өндірістер импорттық ферментті препараттарды қолданады. Ферментті препараттар нарығында біз ұсынатын фермент әлі жоқ, – дейді Аида Қыстаубаева.

Ғалымның айтуынша, бұл жоба зерттеу тобының 2015-17 жылдар аралығында жүргізілген «Ашытқы-бактериалды өсімдік қалдықтарын микробтық ақуызбен байытылған биологиялық белсенді жартылай фабрикаларға қайта өңдеу әдісін жасау» зерттеуінің жалғасы. Ауылшаруашылық қалдықтарын қайта өңдеудің жаңа технологиясы және олардың негізінде өндіріс орындарын құру әрқашан ғылым мен техниканың ары қарай өрлей түсуіне серпіліс береді. Бұл ел индустриясының технологиялық дамуын жолға қоюға және оның жаңа экономикалық деңгейге шығуына ықпал етеді.



Виталий ХУТОРЯНСКИЙ,
Рединг университетінің профессоры

Қара шаңырақ – ҚазҰУ-дан нәр алдым

Университетаралық ынтымақтастықты орнататын, жаңа деңгейге шығаратын – оқытушы-профессорлар құрамы. Осы орайда, университетіміздегі химия және химиялық технология факультетінің профессоры, Ұлыбритания азаматы Виталий Хуторянскийді әңгімеге тарттық.

Виталий Хуторянский Ұлыбританиядағы байырғы оқу ордаларының бірі, 1892 жылы құрылған Рединг университетінің профессоры. Ол 1975 жылы Алматы қаласында дүниеге келген. Алматы қаласындағы химия-биология пәні тереңдетілген №134 мектепте білім алған. Бала кезінен ол химиялық тәжірибелерге әуес болған екен.

– Мектепте химия ғылымына қатты ынта қойдым. 1992 жылы өзім армандаған ҚазҰУ-дың химия факультетіне оқуға түсіп, 1996-1998 жылдары магистратурада оқыдым. Магистрлік диссертациямның жетекшісі, профессор С.Құдайбергенов білімде биік белестерді бағындыруыма ықпал етті. 1998-2000 жылдар аралығында ҚазҰУ аспирантурасында оқып жүргенде Лодзь университетінде (Польша) тағылымдамадан өттім. 2000 жылы «Макромолекулалық қосылыстардың химиясы» мамандығы бойынша «Қарапайым винил эфирлері полимерлерінің интерполимерлі комплекстері және олардың негізіндегі композиттік материалдар» тақырыбында диссертация (PhD) қорғадым. Бұл жағынан ғылыми жетекшілерім – профессорлар З.Нұркеева мен Г.Мунға алғысымды айтқым келеді. Сөйтіп, Органикалық заттар, табиғи қосылыстар мен полимерлер химиясы және технологиясы кафедрасының аға оқытушысы болдым, 2001 жылы доцент атандым. Қосымша Қазақстан-Америка университетінде химия пәнін ағылшын тілінде жүргіздім. Жалпы алғанда, білім жолындағы негізгі баспалдақтарым Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен тығыз байланысты, – дейді ғалым.

В.Хуторянский 2001 жылы Карачи университетінің (Пәкістан) Химия ғылыми-зерттеу

– Қазақ ұлттық университеті білімді жастардың бойында бұғып жатқан жаңа қырының ашылуына көптеп септігін тигізді. Бұл оқу ордасында білім алып, қызмет атқарған мен үшін үлкен мақтаныш. Сонымен қатар ҚазҰУ-дан алған білім-тәжірибеммен шетелде де бөлісіп, тың ізденістер мен жаңа зерттеулер жүргізудемін. Әрине, адамның өскен ортасы мен алғашқы іргесі қаланған шақ қашанда маңызды. Ағаштың тамыры берік болған сайын ол жайқалып өседі. Ал менің тамырым қара шаңырақ – ҚазҰУ-дан нәр алған.

институтында лекциялар курсы оқыған. 2001 жылы профессор жас ғалымдарды қолдау мақсатында INTAS (Бельгия) грантына ие болып, осы жоба аясында Пиза университетінде (Италия) 2002 жыл тағылымдамадан өтеді. Ол 2002 жылы Страсклид университетінің (Глазго) фармацевтикалық кафедрасына ғылыми қызметкер ретінде Ұлыбританияға жолдама алады. 2004 жылдан бастап Манчестер университетіне ғылыми қызметкер болып жұмысқа орналасады. Ал 2005 жылы Рединг университетіне оқытушылық қызметке ауысады. 2010 жылдың қаңтарында В.Хуторянский Ұлыбритания азаматтығын алып, сол жылы қауымдастырылған профессор, содан кейін 2014 жылы Рединг университеті Фармация мектебінің профессоры атанған. Австрия, Ұлыбритания, Германия, Грекия, Израиль, Қазақстан, Пәкістан, Польша, Ресей, Украина, Финляндия, Чехия, Швеция және Жапония университеттерінде лекциялар оқыған. Оның жетекшілігімен Рединг университеті, Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Семей қаласындағы мемлекеттік медицина университеті және Шәкәрім универ-

ситеттерінде 30-дан астам докторант PhD диссертация қорғаған.

– Қазақ ұлттық университеті білімді жастардың бойында бұғып жатқан жаңа қырының ашылуына көптеп септігін тигізді. Бұл оқу ордасында білім алып, қызмет атқарған мен үшін үлкен мақтаныш. Сонымен қатар ҚазҰУ-дан алған білім-тәжірибеммен шетелде де бөлісіп, тың ізденістер мен жаңа зерттеулер жүргізудемін. Әрине, адамның өскен ортасы мен алғашқы іргесі қаланған шақ қашанда маңызды. Ағаштың тамыры берік болған сайын ол жайқалып өседі. Ал менің тамырым қара шаңырақ – ҚазҰУ-дан нәр алған.

В.Хуторянский трансмукозальды препараттарды жеткізу жүйелерін, шырышты жабысқақ материалдарды, суда еритін полимерлер мен олардың кешендерін, гидрогельдік материалдарды, функционалдық нанобөлшектерді, бактериялардың микрокапсуляциясын жасау және зерттеу бойынша әлемдегі жетекші орындардың алдыңғы қатарында. Бірнеше оқулық кітаптары ағылшын тілінде жарық көрген. Ұлыбританияның Корольдік химия қоғамының және Жоғары білім академиясының мүшесі.

– Қазақстаннан Ұлыбританияға кеткеніме 20 жыл болды. ҚазҰУ-дағы әріптестеріммен үнемі байланыстамын, мұнда бірнеше мәрте дәріс оқуға келдім, бірлескен жобаларға қатыстым, докторанттарға жетекшілік еттім, сонымен қатар ҚазҰУ-дың көптеген қызметкерлері мен докторанттарын Рединг университетіне ғылыми тағылымдамадан өтуге қабылдадым. Осы жылдар ішінде ҚазҰУ жан-жақты дамығанын қуана атап өткім келеді. Кампуса жаңа ғимараттар, жатақханалар салынып, өзім білім алған жұмыс істеген химия факультетінің жаңа ғимараты бой көтерген. Оқу ордасында барлық жағынан ілгерілеушілік бар. Алдағы уақытта халықаралық деңгейге көтеріліп, әлем назарын аударды деген ойдамын, – деп сөзін түйіндеді профессор.

ҚазҰУ-дың «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы білім теңізіне енді ғана бойлаған студенттерге әлемнің түкпір-түкпіріндегі жоғары оқу орындарында тәжірибе жинақтауға жол ашты. Сол арқылы мен де Польша мемлекетіндегі Варшава жаратылыстану университетінде (SGGW) оқуға мүмкіндік алдым.

Басты бағдар – білікті маман болу



Польшадағы білім жүйесі арқылы біз жергілікті қаржы, ілгерінді макроэкономика, бизнес ашу негіздері, ұйымдастыру және шығару экономикасы, адами капиталды басқару, еңбек экономикасы, тұрақты өңірлік даму сияқты заманауи әрі өзекті пәндерді жаңа қырынан таныдық.

«Тұрақты өңірлік даму» пәні қызықты және практикалық білімді арттыру жағынан өте тартымды өткізілді, өте көп пайдалы мағлұматтар берілді. Ең қызықты бөлігі Варшава маңындағы мектепке сапарымыз болды. Жоба мектеп бағдарламасымен, Польша мектептерінің білім беру жүйесімен және өңірдің экономикалық дамуын ұйымдастырумен таныстыруға арналды. Біз білім алушы студенттерге таныстыру үшін қызықты тақырыптар бойынша презентациялар дайындадық. Бұл менің мектептерге барып жұмыс істеудегі алғашқы тәжірибем болды.

Экономика саласын меңгеру барысында аса маңызды және пайдалы тағы бір пән – «Ұйымдастыру және шығару экономикасы». Профессор әр сабақта белгілі бір кәсіпорынның түрлі көрсеткіштерін нақ-

ты мысалда қалай есептеу керектігін көрсетті. Бұл білімді шынға зор септігін тигізді. Сонымен қатар емтихан жұмысының форматы осы пән бойынша алған білімімізді жан-жақты ашып көрсетуге бағытталып, күрделі есептеулерді өз бетімізше жүргізуді үйренгеніміз және оны болашақта іс жүзінде пайдалана алу дағдысы бізге үлкен тәжірибе болды.

ҚазҰУ-ға келгелі экономика салаларының даму мәселелері жайында зерттеулерге деген қызығушылығым оянған еді. Осында жүріп экономика негіздеріне бойласақ, «Академиялық ұтқырлық» бағдарламасы арқылы шетелдік білім беру жүйесінің ерекшеліктеріне қанықтық. Біріншіден, білімді бағалау жүйесі студенттердің көңілінен шықты. Шәкірттің әр сабақ сайын алған білімі емес, соңғы нәтижесі бағаланады. Сондықтан Варшава жаратылыстану университетінде оқу біз үшін үлкен тәжірибе болды деп айтуға толық негіз бар.

Томирис БАЛТАБАЙ,
«Экономика»
мамандығының
4-курс студенті



КО ДНЮ ПАМЯТИ ЖЕРТВ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ

Предлагаем интервью с доктором юридических наук Забих Шолпан Арапбайқызы (Кафедра гражданского права и гражданского процесса, трудового права юридического факультета КазНУ имени Аль-Фараби), которая возглавляла городскую комиссию по изучению, подготовке заключения и рекомендаций по реабилитации жертв политических репрессий, расстрелянных без суда и следствия в ходе подавления 372 восстаний, а также подвергнутых репрессиям внесудебными и судебными органами за участие и поддержку этих восстаний в рамках Государственной комиссии по реабилитации жертв политических репрессий, образованной по указу Президента РК К.Токаева. Ныне в рамках данного проекта она возглавляет рабочую группу городской комиссии по изучению, подготовке заключения и рекомендаций по реабилитации категории деятели «Алаш».



Шолпан ЗАБИХ:

В разных уголках вспыхивали антисоветские восстания

— Вот уже двадцать пять лет, 31 мая в Казахстане отмечается День памяти жертв политических репрессий. Это страшная страница в отечественной истории, когда на территории казахского края свирепствовал голод, а казахская интеллигенция была беспощадно и жестоко подвергнута репрессиям. Известно, что указом Президента РК К.Токаева в прошлом году была образована Государственная комиссия по полной реабилитации жертв политических репрессий, основной задачей которой является юридическая и политическая реабилитация жертв политических репрессий. Также действует рабочие группы Алматинской городской комиссии, в числе которых по изучению, подготовке заключения и рекомендаций по реабилитации категории деятели «Алаш». Расскажите о деятельности данной городской комиссии.

— Вы совершенно правильно отметили, что основной задачей госкомиссии является юридическая и политическая реабилитация жертв политических репрессий. В настоящее время работают 7 рабочих групп городской комиссии по реабилитации жертв политических репрессий, я являюсь руководителем городской комиссии по изучению, подготовке заключения и рекомендаций по реабилитации категории деятели «Алаш». Яркими представителями казахской интеллигенции начала XX века, деятелями «Алаш» являются А.Букейханов, А.Байтұрсынұв, М.Дулатов, М.Шокай, Х.Досмухамедов, Ж.Досмухамедов, М.Тынышпаев, Ж.Ақпаев и другие. В целом этот период в отечественной истории охарактеризован появлением новых моментов в идейном содержании общественных и политических движений, которые изобилуют прогрессивными программами, направленными на значительные и кардинальные изменения в стране. В 20-31 годы прошлого столетия на территории Казахстана произошло 372 восстания, причинами которых были тяжелые последствия проводимой политики, сопровождавшиеся интенсивным изъятием земель, упадком традиционного типа хозяйствования, проведением насильственных

мер по коллективизации, что вызвало недовольство народа. В результате проведения силовой коллективизации сельского хозяйства, в Казахстане 1930-1932 годы разразился голод, причинами которого стали: скопление огромного количества скота на ограниченной территории; ограниченность пастбищных угодий; недостаточная обеспеченность скота. К февралю 1932 года в Казахстане 87% хозяйств колхозников и 51,8% единоличников полностью лишились своего скота. В 1930-1932 годы потери от голода, эпидемий и других лишений составили 1 млн. 750 тыс. казахов. Тотальные репрессии и голод вызвали массовый отток населения, трагедия коллективизации раскидала казахов по многим странам мира. Пролитывая архивные материалы, сложно проследить судьбы тех людей, которые бежали за границу. Потомки этих людей проживают в различных государствах, например, в Китае ныне их проживает 1 070 тыс., в Монголии — 137 тыс., в Турции — 120 тыс. Также казахские диаспоры имеются в Афганистане, Иране, в странах Западной Европы и в Северной Америке.

— Расскажите, какая работа проведена учеными по изучению, подготовке заключения и рекомендаций по реабилитации жертв политических репрессий, расстрелянных без суда и следствия в ходе подавления 372 восстаний, а также подвергнутых репрессиям внесудебными и судебными органами за участие и поддержку этих восстаний?

— В прошлом году в рамках городской комиссии была проведена большая работа по сбору материалов и результатом стала книга под названием «Реабилитация жертв политических репрессий в Казахстане: документы, материалы». Нами собраны новые архивные документы, проливающие свет на тот сложный период для нашей страны; проводимая политика по насильственной коллективизации вызвала массовое недовольство населения и в разных уголках республики вспыхивали антисоветские восстания. С 1929 по 1933 годы тройкой ОГПУ по Казахстану было рассмотрено 9805 дел и принято решение в отношении 22 933 лиц, из них

3386 человек были приговорены к расстрелу. На разные сроки заключения были приговорены 13 151 человек. За 1933 год органы ОГПУ Казахстана арестовали свыше 21 тыс. человек. Жертвы народных восстаний со стороны власти предавались преследованиям и гонениям, поэтому имена многих участников этих восстаний до сих пор не обнаружены полностью и не реабилитированы. Поэтому члены городской комиссии проводят всестороннюю работу по выявлению безвинных жертв антисоветских восстаний.

Среди крупных антисоветских восстаний можно отметить такие, как: Мангышлакское восстание (адаевское восстание), Батпакаринское, Сарысу-созакское, Тахта-Купырское, Балкаш-Шокпарское и другие. В этих народных волнениях участвовало около 80 тысяч человек. Ни один народ не испытал такого излома демографической ситуации, как казахский. В результате восстаний только в 1931 году казахский край покинули около 281 230 крестьянских хозяйств, 5551 участник восстаний был осужден за выступления против Советской власти и 883 человека из их числа были расстреляны. Нами тщательно изучены документы, хранящиеся в архиве Департамента полиции города Алматы, в том числе уголовные дела на реабилитированных 2301 человека, в числе которых участники антисоветских восстаний.

Если взять только Алматинскую область, то весной 1930 года на территории в Каратальского района, на тот период Алматинский округ, вспыхнуло народное восстание, направленное против насильственной политики коллективизации. Каратальский район был образован 17 января 1928 года на основе бывших волостей Ескельди, Кумик, Нижний, Каратал и Южный Балхаш. Основной причиной народного возмущения стало проводимое действующей властью переустройство казахского аула, переход на оседлый образ жизни, конфискация имущества у баев, середняков, поспание всех прав местного населения. С самого начала коллективизации был нарушен главный принцип добровольности и элементарной законности, который принял

повсеместный характер. После подавления восстания казахи начали массовую откочевку в Китай. Поэтому в нашей исследовательской работе интерес представляла и данная категория участников восстания. Тщательно изучены следственные дела, протоколы допроса в целях создания общей картины того времени.

Пролитывая пожелтевшие от времени архивные документы, невольно пропускаешь жизнь каждого человека через себя и понимаешь, насколько трагической была судьба того или иного участника восстания. За сухими фактами архивных документов стоят судьбы целого народа. Только по Алматинской области городской комиссией изучены уголовные дела вновь выявленных 23 реабилитированных участников восстания, в их числе жертвами Каратальского восстания являются Имангалиев Максұт, Махаметчинов Сеитджапар, Бакеев Боза, Торгаутов Уваткан, Болтаев Ахметжан, Болтаев Муқуш, Баймагамбетов Абдульда (Абдильда), Космагамбетов Байғанды, Масакбаев Қдырбай, Мамырғаев Садих (Садых), Космагамбетов Абдрахман. Все они были арестованы и решением Тройки при ПП ОГПУ КазССР приговорены по печально известной статье 58 УК РСФСР к различным срокам тюремного заключения, некоторые приговорены к высшей мере наказания — расстрелу. Однако среди них есть и те, которые были объявлены в розыск, поэтому сложно проследить их судьбы, так как в архивах не сохранилась полная информация об участниках восстаний. Поэтому необходимо продолжить работу, включая архивы городов зарубежных государств.

— Ныне в рамках данного проекта Вы возглавляете рабочую группу городской комиссии по изучению, подготовке заключения и рекомендаций по реабилитации категории деятелей «Алаш». С какими трудностями Вы сталкиваетесь во время работы?

— Данная группа городской комиссии начала свою работу с января 2022 года. «Алаш» и деятельность казахской интеллигенции начала XX века — это яркая и трагическая страница в отечественной истории. В настоящее время мы занимаемся

сбором архивных документов, которые находятся не только на территории Казахстана, так как проследивая судьбу той или иной личности, можно обнаружить необходимость изучения документов в архивах городов России, Узбекистана и даже дальнего зарубежья. Тем не менее, в настоящее время нами изучаются материалы в Центральном Госархиве РК, в Госархиве Алматинской области и других архивах, проводится поисковая работа.

Выявлены интересные факты, которые проливают свет на новые документы, в частности имена и публикации деятелей «Алаш», работавших в Ташкенте. В страшные годы лихолетья, когда под жернова репрессий попали многие яркие личности, представители казахской интеллигенции, деятели «Алаш» продолжали свою работу в Ташкенте, Москве и других городах. Они продолжали выражать свои взгляды через печать, публиковались в изданиях, в частности в журнале «Шолпан», «Жас кайрат» и других. Есть и другие издания, которые требуют тщательного изучения — это «Туркестанская правда», «Набат и революция», «Нация и просвещение», «Наш путь» и прочие. Членами нашей группы обнаружены публикации авторов, связанных с деятельностью «Алаш». Также обнаружены ныне здравствующие потомки видных деятелей Алаш. Хочется сказать о женщинах, которые были причастны к деятельности «Алаш» и это отдельная большая и новая тема в нашей истории. Кроме того, выявлены имена тех деятелей «Алаш» и их потомков, которые были связаны с ВУЗами нашей страны, в том числе КазНУ имени Аль-Фараби.

Несомненно, проблем с сбором архивных документов немало, особенно связанных с архивами зарубежных государств, но тем не менее работа продолжается, и мы надеемся, что в результате на небосклоне нашей страны засияют новые имена наших патриотов, которые отдали свои жизни за свободу и независимость Казахстана.

— Благодарю Вас за беседу.

Беседовал
Каиржан ТУРЕЖАНОВ

«...Сен де бір кірпіш дүниеге,
Кетігін тап та, бар қалан».

Абай Құнанбаев

Болашағың өз қолыңда

нология факультетінде кәсіби мамандар даярлау төрт кафедрада бірнеше бағытта жүргізіледі. Осылардың ішінен Биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасымен таныстыруды жөн көрдім. Ең алғаш 1947 жылы «Адам және жануарлар физиологиясы» деген атпен құрылып, одан әрі қоғамның заманауи дамуына қарай жаңа мамандықтар ашылып, 2002 жылы «Биофизика, биомедицина және биологияны оқыту әдістемесі» деп аталса, 2020 жылдан бастап «Биофизика, биомедицина және нейроғылымдар» деген жаңа мамандық қосылып, аты өзгерді. Осы аталған кафедра атына сай, биофизикадан, биомедицинадан мамандар даярлап, олар еліміздің түкпір-түкпірінде еңбек етуде.



Нейропсихологиялық ғылымның негізін қалаушы ғалым, академик В.М.Бехтеровтің (1857-1927) басты девизи – ең бірінші «адамды тану» болды. Оның айтуы бойынша, мемлекетке, қоғамға кәсіби мамандардан басқа

да тұлғалар, яғни адамның психикасы қандай заңдылықтарға сәйкес дамып жатыр, даму барысында кейбір физиологиялық, неврологиялық ауытқуларды болдырмауды, мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін,

оның білім алу қабілеттілігін жасына сай жүргізуді ескертті.

Осыған орай, болашақ мектеп бітіруші талапкерлерге айтармыз, осы мәселелерге жан-жақты толыққанды зерттеу жүргізу үшін биология және биотехнология факультетінің Биофизика, биомедицина және нейроғылымдар кафедрасына келіп, білім аламын деушілерге жоғарыда айтылған мәселелермен айналысуға, ғылыми зерттеулер жүргізу арқылы халқымыздың, қоғамымыздың өркендеп, өсуіне өз үлестеріңізді қосуларыңызға болады.

Болашақ кәсіби мамандық таңдау, өмірде өз орындарыңызды дұрыс іске асыру – өз қолдарыңызда. Аңсаған армандарыңызға жете беріңіздер!

Нұртай
ТОРМАНОВ,

биология ғылымының
кандидаты, профессор

Қазақ әдебиетіндегі Фирдауси философиясы

Даму өрайверіне айналған тұжырым

«Тұрақты даму» деген термин алғаш рет 1980 жылы «Қоршаған ортаны қорғаудың әлемдік стратегиясы» атты табиғатты және табиғи ресурстарды қорғаудың халықаралық одағы баяндамасында айтылған еді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейін халықаралық қоғамдастықтың толыққанды мүшесі ретінде белсенді жұмысын бастап, адамзаттың тұрақты дамуға көшуінің жаһандық процестеріне интеграциялануын, яғни адамзаттың өндіріс пен тұтынудың экологиялық қауіпсіз модельдеріне және болашақ ұрпақтың мүддесі үшін қоршаған ортаны сақтауға негізделген орнықты даму барысына көшуіне өз ықпалын тигізуде.

Орнықты дамуға көшу процесін ғылыми қамтамасыз ету үшін елімізде орнықты даму орталығын құру бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазақстанда орнықты дамудың басым бағыттарын қолдайтын институционалдық құрылымдарды құруға жәрдемдесу жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Отандық экономиканың жүйелілігін нығайту ел тұрақтылығын қамтамасыз етудің аса маңызды факторына айналуға. Шикізаттық бағдардан ауыт-



қуға негіз болатын факторлар: қайта бөлу сатыларының артуы, қосылған құн тізбектерінің ұлғаюы, шынайы кластерлер құру, өзара байланысқан өндірістердің ұлғаюы. Ашық теңіздерге, ең арзан теңіз көлік дәліздеріне тікелей шыға алмайтын ел ретінде шикізатты едәуір көлемде шығаратын Қазақстан әлемге, әріптестеріне өзінің өндірілмеген қосымша құн «сыйға» береді. Ең жуық бағалаулар бойынша соңғы онжылдықтарда 1 миллиард тоннаға жуық шикізат тиеген ел шамамен 100 миллиард доллар жоғалтып алуы мүмкін еді. Бұл шикізаттардың – мұнай мен кеннің жаңа «әділ» бағасымен ішінара өтелді. Сондықтан отандық өнеркәсіптің жетіспейтін компоненттерін, буындарын құру үшін индустрияландырудың тұрақты жүзеге асыры-

латын бағдарламасы өте маңызды мәнге ие болады.

Халықаралық тәжірибе тұрақты даму бағдарламаларына мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуын экологияландыру бағдарламалары, қарқынды экономикалық даму жағдайында қазіргі және болашақ ұрпақ үшін қоршаған ортаны сақтау бағдарламалары жататынын көрсетіп отыр. Тұрақты даму бағдарламалары дамудың экономикалық, әлеуметтік, экологиялық және институционалдық өлшемдерінің үйлесімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Гүлия
ИЛЬЯШОВА,

Салтанат
ҚОНДЫБАЕВА

Экономика және
бизнес жоғары
мектебі

Экономика кафедрасы

Қазақ ұлттық университетінің шығыстану факультеті Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасында «Фирдаусидың «Шахнамасы» және қазақ әдебиеті» атты дөңгелек үстел өтті. Иранда парсының әйгілі ақыны Әбілқасым Фирдаусидың (935-1020) туған күнін дәстүрлі түрде атап өтеді. Фирдауси күніне орай ұйымдастырылған шара барысында Әбілқасым Фирдаусидың «Шахнама» шығармасының қазақ әдебиетінен алатын орны, қазақ тіліне аударылуы және т.б. тақырыптар төңірегінде белгілі ирантанушылар сөз сөйлеп, пікір алмасты.

Дөңгелек үстелге қатысқан шығыстанушы ғалым И.Жеменей осы күнге дейін қазақ тіліне аударылған «Шахнама» шығармаларымен таныстырды. Фирдаусидың «Шахнама» шығармасындағы Иран мен Тұран арасындағы шайқас ұлттар арасындағы шайқас емес, нәпсінің шайқасы екеніне тоқталды.

«Ғылым ордасы» орталық ғылыми кітапханасының қызметкері Г.Әбикова аталмыш кітапхананың қолжазба және сирек кездесетін кітаптар қорында сақталған «Шахнаманың» қолжазбалары, қазақ және түрік тілдеріндегі қолжазба күйінде сақталған аударма нұсқалары туралы құнды мәліметтерімен бөлісті. Әсіресе «Шахнаманың» көпшілік біле бермейтін Ораз молда қалдырған және Ә.Тәжібаевтың анасы Айнамкүл Тәжібаева сақтаған қолжазбалары туралы мәліметтер көпшіліктің назарын аударды.

Иран ғалымы З.Хажикарам ханым: «Шахна-

маны» оқи отырып, Фирдаусидың сол дәуірдің ғалымы болғанына таңғалмасқа амал жоқ. Өйткені мың жыл бұрын өмір сүрген ақынның «Шахнамасын» оқи отырып, оны қоғамтанушы емес деп айту қиын», – деп өз ойын ортаға салды. «Шахнамада» бүгінгі қоғамтанушылар айтып жүрген қоғамның бірнеше сатыдан тұратын даму үлгілері туралы айтылғанына назар аударды.

«Фирдаусидың «Шахнамасы» және қазақ әдебиеті» атты дөңгелек үстелге Иран Ислам Республикасының Алматы қаласындағы бас консулы Мұхсин Фагани мырза мен Қазақстан Республикасындағы Иран Ислам Республикасы елшілігінің мәдени істер бойынша кеңесшісі Әли Акбар Талеби Мәтин мырза қатысты.

Ғалия
ҚАМБАРБЕКОВА,
Таяу Шығыс және
Оңтүстік Азия
кафедрасы Ирантану
бөлімінің меңгерушісі,
ф.ғ.к.

Тұлғалықтың шыңына жетелеуді

Жас ғалым-зерттеушілер үшін жоғары оқу орнының ғылыми-зерттеу бағытындағы жұмыстары өте маңызды. ҚазҰУ-да жастардың осы мақсатына жетуіне жан-жақты жағдай жасалған.



Атап айтар болсақ, республикалық, халықаралық ғылыми конференциялар, іс-шаралар, кездесулер, тәжірибе алмасу және тағы басқа белсенді студенттік шаралар жиі ұйымдастырылады. Зерттеу барысында бағыт-бағдар беру, кері байланыс жоғары деңгейде. Теориялық білім алу барысы өте сапалы өтеді және осы арқылы зерттеушілерге қажетті дағдыларды үйрену мүмкіндігі мол.

Университетке алғаш аяқ басқан күннен-ақ оқу ордамыздың өте көңілді, ілтипатты, достық атмосферасына біз де жылдам сіңіп кеттік. Көмек беріп, қол ұшын созуға дайын өте білімді, дүниетанымы кең жастар және университет ұжы-

мы өздеріне сөзсіз баурап, тұлға болып өсудің тағы бір шыңына жетелейді. Қорытындылай келе айтарым, магистр дәрежесіне абыроймен жету жолында оқу ордамыздың атқарар рөлі ерекше. Әрбір студенттің дара жол салуына жәрдемдесетін, үлкен өмірге дайындайтын тәрбие мен білім ордасы.

Әсем МЕДЕЛОВА,
шығыстану факультеті
«Шығыс тілдері»
мамандығының
1-курс магистранты

Университет тарапынан білім алушыларға жасалатын жағдайдың бірі қолайлы орта – кампус ұсыну. Факультетімізде студенттерге арналған оқу аудиториялары, дәрісханалар, заманауи құрылғылармен жаб-

Ағзамыз қалай тынығады?

Қазіргі асығыс заманда көбіміз ұйқыны демалыс емес, қажеттілік деп санаймыз. Нәтижесінде ұйқыға салғырт қарап, оның сапасын әлдеқайда төмендетеміз. Ұйқының уақыты, орны, ұзақтығы сынды қасиеттері сақталған жағдайда ғана түнгі ұйқы сіз үшін нағыз демалыс бола алады. Алайда кейде тәулігіне 9-11 сағат ұйықтасақ та, ұйқымыз қанбай, шаршаңқы болып тұрамыз. Неге? Бұл жерде «сапалы ұйқы» деген түсінікке назар аударғанымыз жөн.



«География (2-топ)» мамандығымен бірге өткізілген тәрбие сағатынан

САПАЛЫ ҰЙҚЫНЫҢ ШАРТТАРЫ:

- Күн сәулесін қабылдау. Таңертеңгі сағат 06:00-08:30 аралығы күн сәулесінің ең пайдалы кезі. Ең кем дегенде жарты сағат күн сәулесін алыңыз.
- Көгілдір экран. Жатар алдында экранға қарамаған жөн. Ұйықтардан ең кемі 90 минут бұрын барлық гаджеттерден алыстаңыз.
- Сегіз сағат заңдылығы. Құрамында кофеин кездесетін сусындарды, әсіресе кофе күндізгі сағат 14:00-ге дейін қабылдаған жөн. Себебі оның күші сегіз сағат бойы әсер етеді.
- Жатын бөлме салқын болуы тиіс, оның шарты – 18-22 градус.

Зерттеулерге сүйенсек, бір тәулік ұйықтамаған адамның қанындағы глюкоза мөлшері 6 пайызға азайып кетеді екен. Қандағы глюкоза мөлшері азайғанда адамның тәттіге тәбеті артады, бұл таңғаларлық жағдай емес: ол тек мидың бізді аман сақтап қалу үшін баратын әрекеті. Сондықтан сапасыз ұйқы семіздікке алып баруы ғажап емес. Миымыздың шешім қабылдау күші 12-14 пайызға, қателесу 20 пайызға төмендеп кетеді.

Қорытындылай келе, ұйқыңыздың қануы ұйқының ұзақтығына емес, сапасына байланысты. Егер алдағы уақытта жоғары жетістіктерге жетіп, ел мақтанарлық азамат боламын десеңіз ұйқыңызды қадағалаудан бастаңыз. Сапалы ұйқы – денсаулық кепілі.

Айсұлу НҮРБОЛАТҚЫЗЫ,
Айтолқын ӘЛИМҰРАТҚЫЗЫ,

география және табиғатты пайдалану факультеті
Тұрақты даму бойынша ЮНЕСКО кафедрасының
1-курс магистранттары

ҚҰРМЕТТІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ОҚЫТУШЫЛАРЫ МЕН СТУДЕНТТЕРІ!

«QAZAQ UNIVERSITETI»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖЫЛ БОЙЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Газетке жазылу индексі: 64787

- Бұдан былай газетіміз республика көлемінде таратылады. Енді газетке шыққан әрбір мақала, сұхбат, ғылыми жаңалықтар мен білім саласындағы тың ақпаратпен еліміздің түкпір-түкпіріндегі оқырмандар да таныса алады.
- Ендеше мүмкіндіктен құр қалмаңыз. Сіз де біздің газетке жазылып, өз мақалаңызды ұсына аласыз. Сонымен қатар газетке оқытушылар мен студенттер де материалдарын жариялай алады.

«ҚАЗПОШТА» АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

	Аудан/ауыл	Қала
6 айға	1251,42 теңге	1363,14 теңге
12 айға	2502,84 теңге	2726,28 теңге

Біздің оқырман



Асылбек ҚОЖАХМЕТОВ,

Almaty Management University (AlmaU) негізін қалаушы және президенті, іскерлік әкімшілендіру докторы, белгілі меценат

Суретті түсірген – Марат Жүнісбеков

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
Басқарма Төрағасы – Ректоры
Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ

Ақпарат және коммуникациялар департаментінің директоры
Қаншайым БАЙДӘУЛЕТ

Бас редактор: Гүлнар ЖҰМАБАЙҚЫЗЫ
Жауапты хатшы-дизайнер: Талғат КІРШІБАЕВ
Тілшілер: Қайыржан ТӨРЕЖАН, Кәмила ДҮЙСЕН, Нұрбек НҮРЖАНҰЛЫ
Фототілші: Марат ЖҮНИСБЕКОВ
Корректор: Күләш ҚАДЫРБАЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

- 050040, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 3-қабат, №305, 307 бөлме. Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 32-28, тікелей: 377-31-48.
- Электронды мекенжай: kaznugazeta@gmail.com
- Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Everest» баспаханасында басылды.

Кезекші редактор: Кәмила ДҮЙСЕН

Бағасы келісім бойынша.

Газетке жазылу индексі: 64787

Таралымы – 1000

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Qazaq universitetine» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.